





КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік орталық
музейінің директоры
 Р.Харипова
«» 2022 жыл

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік орталық музейі
директорының ғылыми істер
жөніндегі орынбасары
 Ф.Теміртон
«» 2022 жыл

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында өтетін «Менің қаламымдағы музей» республикалық ғылыми жоба байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен музей қорларындағы тарихи мұралар мен музейдің жетекші мамандарының еңбектерін ғылыми-зерттеуге баулу мақсатында ұйымдастырылатын ғылыми жоба байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, шарттарын анықтайды.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі базасында 2022 жылдың 2 желтоқсанында онлайн форматында өткізіледі. Басталу уақыты: сағат 14.00.

1.3. Байқауға қатысушылар: 14-16 жас аралығындағы мектеп оқушылары.

1.4. Байқаудың жұмыс тілі: қазақ және орыс тілі.

1.5. Байқау форматы: онлайн.

1.6. Байқауға қатысу туралы сұраныс (Қосымша 5.1) ұсынылған үлгіде csmrk1986@mail.ru электрондық мекен-жайына 2022 жылдың 30 қарашасына дейін қабылданады.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқаудың мақсаты:

- музей қорында жинақталған мәдени мұралар мен құжаттай деректерді және музейде қызмет атқарған тұлғаларды зерттей отырып ғылыми-инновациялық ой толғауларын қалыптастыру, шешендік өнерді, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуын және музейлердің қалыптасуына еңбек сіңірген тұлғаларды насихаттау.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- мектеп оқушыларын жас кезінен ғылыми зерттеулермен айналысуына, музей қызметінің қыр-сырын ертерек тануға және тұлға ретінде қалыптасып, шығармашылық дағдыларын дамыту мен инновациялық қызметтерге баулу;

- мектеп оқушыларының оқу-танымдық және ғылыми зерттеушілік қызметіне жол ашу.

III. БАЙҚАУ МАЗМҰНЫ

3.1. Байқау қатысушыларының зерттеу жұмыстары білім алу үрдісі аясында, қазақ әдебиеті, тарих, өлкетану ғылымы бойынша алған білімдері негізінде жүргізіледі.

3.2. Жобалық жұмыстардың тәжірибелік маңызы болуы керек.

3.3. Байқау жобалары үш секция бойынша тыңдалады:

- «Музей қорындағы мемлекет және қоғам қайраткерлерінің және басқа да жекелеген тарихи тұлғалардың мәдени мұрасының ұрпақ тәрбиесінде алатын орны»;

- «Музей жәдігері - рухани құндылық»;

- «Музей қызметінің маңызы мен мәні (музейде қызмет атқарған және атқаратын тұлғалар бойынша)»;

IV. БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

4.1. Байқауға талаптарға сәйкес келетін жұмыстар қабылданады. Байқауға қатысу үшін ұйымдастыру алқасының мекен-жайына екеуден көп емес қатысушының тегімен аталған материалдар папкасын жіберу керек.
(электронды пошта csmrk1986@mail.ru)

4.2. Байқауға қатысушылар жобалары бойынша қысқаша тезистер ұсынады және қорғайды (*Қосымша 5.4*);

4.3. Материалдар жинағы 2 файлдан тұрады:

1) берілген нұсқаға сәйкес сұраныс (*Қосымша 5.1*);

2) талаптар мен нұсқаға сәйкес жазылған жобаның электронды нұсқасы (*Қосымша 5.2, 5.3, 5.4*);

4.4. Әрбір қатысушыға: сертификат, байқау материалдарының электронды жинағы және үздік ғылыми жобаларға жүлделі I, II, III дәрежелі дипломдар беріледі. Барлық жо ба 7-10 жұмыс күні ішінде PDF форматта www.csmrk.kz сайтына жарияланады;

4.5. Жобаларды ресми қорғау 2022 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі базасында ZOOM платформасында өткізіледі;

4.6. Талапқа сәйкес келмейтін материалдар қабылданбайды.

V. БАЙҚАУ ЖОБАЛАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Қатысушылардың жобалары қосымшада көрсетілген көрсеткіштері негізінде бағаланады (*Қосымша 5.1*);

VI. МАРАПАТТАУ

6.1. Байқаудың талаптарына сәйкес, ең көп ұпай санын жинаған қатысушылар Жеңімпаз болады. Қатысушыларға сараптамалық комиссиясының қорытындылары берілмейді;

6.2. Қатысушылар сараптама комиссиясының шешімі бойынша марапатталады;

VII. БАЙҚАУ ӨТЕТІН ОРЫН

Байқау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі РМҚК базасында өтеді.

Мекен-жайы: Алматы облысы, Алматы қаласы, Самал-1, 44 үй,

Барлық сұрақтар бойынша Байқаудың Ұйымдастыру алқасына хабарласуыңызды сұраймыз:

Телефон: +7(727) 264-02-88, ұялы 8 775 340 99 67

